

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Следующим звеном в формировании интереса к различным профессиям являются средние классы, то есть учащиеся подросткового периода. Здесь уже появляется более серьезный интерес к различным профессиям, они начинают понимать свои личностные интересы, осознать способности и общественные ценности, связанные с выбором их будущей профессии. Данный момент также реализуется в ходе развития познавательной деятельности школьников.

Не менее важный этап в выборе профессий является этап основной школы, на данном этапе развивается уже более или менее осознанное представление о профессиях, у них проявляются личностные ориентации при выборе той или иной профессии, при этом они соотносят свои запросы и реальные возможности с основными целями будущей профессии. Конечно же, на этом этапе осуществляется развитие познавательной деятельности, почти вполне сформированный, осознанный выбор будущей профессии.

Профориентационная деятельность в рамках школьного образования очень сложный и многоступенчатый процесс, здесь огромное внимание должно уделяться вопросам системности и преемственности. Данная работа должна проводиться начиная с детского сада и охватывая в целом все этапы школьного процесса. При этом при выборе профессии, при проведении профориентационной работы в первую очередь необходима дифференциация и учет личностных, возрастных особенностей учащихся в соответствии с уровнем сформированности их интереса к профессии и труду.

Список использованных источников

1. Gerber, M., Wittekind, A., Grote, G., & Staffebach, B. (2009). Exploring types of career orientation: A latent class analysis approach. *Journal of Vocational Behavior*, 75(3), 303–318.
2. Бедарева Т., Грецов А. 100 популярных профессий. Психология успешной карьеры для старшеклассников и студентов. - СПб, 2008.
3. Безус Ж.Н., Жукова Ю.П., Кузнецова И.В., Радченко В.В., Совина К.В., Холодилова Ю.К. Путь к профессии: основы активной позиции на рынке труда: Учебное пособие для учащихся старших классов школ. - Ярославль: Центр «Ресурс», 2003. 152 с.
4. Бендюков М. А. Ступени карьеры: азбука профориентации. - СанктПетербург: Речь, 2006. – 236 с.
5. Володина Ю.А. Дорога в жизнь или путешествие в будущее...Тренинговая программа профессионального и жизненного самоопределения для воспитанников детских домов и школ-интернатов. - М.: Генезис, 2012.
6. Грецов А. Выбираем профессию. Советы практического психолога. - СПб, 2006.
7. Гурова Е. В. Профориентационная работа в школе: методическое пособие. - Москва: Просвещение, 2007. – 95 с.

ӨОЖ 37

АТА-АНАЛАРДЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУЫНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ҮЛГЕРІМІ МЕН БЕЙІМДЕЛУІНЕ ӘСЕРІ

Тәжібай Аяулым Ризабекқызы

Tazhibai.aiayulym02@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің шет тілдері кафедрасы B018-1721-23-01 бакалавр студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Муталиева А.Ш.

Оқу процесіне ата-аналардың тигізер әсері балалардың үлгерімі мен бейімделуінде үлкен рөл атқарады. Педагогика, психология, физиология, медицина сынды аспектерді қамтығандықтан, балалардың үлгерімі мәселесі жан-жақты талқылауды талап ететін көпқырлы процесс.

Баланың қалыптасуы мен дамуына отбасы мен қоғамның әсері терең екені айдан анық түсінікті. Алайда, маңыздылығы бейсаналық түрде еленбей, үлкендер тарапынан осы мәселеде көп қателіктер жіберілінеді. Яғни, мектеп тәрбиелеуші орта деген ұғыммен ғана шектеліп, дүние есігін ашқандағы алғаш тәрбие көзі болған ата-ана мектептегі баласының үлгерімі мен бейімделуіне тікелей ұстазы жауапты деген оймен қалады.

Қалиевтің сөздігінен мәлім, үлгерім — оқушылардың оқу бағдарламасымен белгіленген білім, білік, дағдыны олардың тереңдігі, саналығы, толықтығы мен беріктілігі тұрғысынан меңгеру дәрежесі; оқуды меңгерушілік, игерушілік [1].

Ал, психологиялық тұрғыдан қарасақ, үлгерім сөзі “үлгеру” сөзінен шыққан, яғни тәрбиелену мен білім алу процессінде жетілген, тенденцияларды тез байқайтын, өзгерістерге бейім тұлғаға тағылатын ұғым. Бұл қасиеттер бала бойына тікелей отбасынан дариыды. Себебі, жас бала- жас бір шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, есейген де сол иілген күйінде қатып қалмақ [2]. Мысалы, сәби кезінен тәуелсіз болып, шешім қабылдап үйренген, таңдауын еркін жасап, ата-анасының құптауын күтпей, лезде іске кірісіп кететін балалар, оқу процессіне келгенде, білім алу сарынына тез еңе алады. Қоса алғанда, баланы оқыту мен тәрбиелеу процесінде табысты ересектерді ескермеу мүмкін емес, өйткені педагогикалық процесте оған қатысушылардың үлесі өзара байланысты және өзара келісілген.

Бейімделу- тұрақты әлеуметтік ортаннан өзге ортаға ауысқан кездегі сіңісу процесі. Бала туылмас бұрын анасының жатырына байланған болып өскендіктен, дүние есігін ашқанда да сол анасы оған жаңа өмірде бейімделу процесінде нұсқаушы болады. Кейін, өмірдің әр жаңа кезеңі бала үшін ата-ананың қолдауымен басталады, ата-ана қолдауымен аяқталады.

Мектеп табалдырығын аттап, білім нәрімен сусындауға келген бала үшін таныс емес оқушылар мен мынау сенің ұстазын деп таныстырылған үлкен ересектің қасында белгілі кейіп тек оның ата-анасы. Сондықтан, баланың жаңа ортаға сіңісуі ата-ана қолдауы мен нұсқаулығымен жүреді.

Жұмысбасты, тұрмыстық істермен көмілген, артық уақыты жоқ ата-аналарда көбіне баласымен атқарылатын ортақ жұмыс тенденциясы байқалмайды. Қарым-қатынастың жеткіліксіздігі баланың психофизикалық қабілеттерін, қызығушылықтарын, дамудағы жетістіктері мен олқылықтарын танудан алшақтатады [3]. Қазіргі таңда бұл мәселе түрлі білім алу мекемелеріндегі мамандардың қозғайтын тақырыптарының біріне айналып отыр. Практикалық зерттеулер мен танулар отандық педагогика мен психология салаларында басқа елдермен салыстырғанда әлдеқайда артта қалуда. Отбасындағы балаға деген көзқарас ата-ана қалыптастырған ұстанымдар ретінде болашақта не алдыға, не кері әсерін тигізіп артқа тартатын баланың психоэмоционалды жағдайына зор әсерін тигізетін отбасылық жүйенің бір бөлігі.

Сондықтан да, бізбен актуалды ата-ана мен бала қарым-қатынасы мен баланың үлгерімі мәселесі анықталды.

Мақаланың мақсаты: оқырмандарға баланың оқу процесіндегі ата-ана әсерінің маңыздылығын жеткізу.

Зерттеуге таңдалым 2005-2006 жылғы мектеп аяқтаған түлектер арасында өтті.

Бізбен келесідей әдістер кешені жүргізілді:

- теориялық
- эмпирикалық
- психодиагностикалық
- зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау

Зерттеудің теориялық маңыздылығы келесідей: ұғымдардың мазмұнын біз таңдалған ғылыми психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде нақтыладық: бастауыш сынып оқушыларын оқыту процесі, баланың мектепте оқуының сәттілігіне әсер ететін факторлар, бастауыш сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі, ата-аналардың баланың оқуының сәттілігіне әсері.

Зерттеуді жүргізу үшін бізбен толық және толық емес отбасылардан шыққан студенттер таңдалынды. Зерттеуге әртүрлі материалдық жағдайдағы, әртүрлі

құндылықтардағы отбасылардың балалары қатысты. Жауаптарды бақылай отырып, олардың балаға деген қарым-қатынасы да әртүрлі екенін түсінуге болады. Зерттеуге 41 студент қатысты. Студенттерден сауалнама “GOOGLE FORMS” арқылы алынды.

Зерттеу нәтижелігі болу үшін, тәрбие жүйелерін 4 топқа бөлдік. **Диктат:** көбінесе үйдегі бір адам, сөзің бұйрық, зорлық, манипуляция мен қорқыныш арқылы жеткізеді (қатал авторитаризм).

Қамқоршы: ата-ана өзінің еңбегі арқылы баланың барлық қажеттіліктерін жабуға тырысады; ол оны кез-келген уайымнан, күш-жігерден және қиындықтардан қорғайды.

Араласпау: ата-ананың пассивтілігі, ата-ана бала өміріне қатты араласа қоймайды.

Ынтымақтастық: отбасындағы тұлғааралық қатынастар белгілі бір мақсат пен міндетке, оны ұйымдастыруға бағытталған [4].

Қатысушыларға келесідей сұрақтар қойылды: Сіздің отбасыңызға кіретін табыс мөлшері?; Отбасыңызда неше бала?; Отбасыңызда қанша асыраушы бар?; Аттестаттың орта балы?; Отбасыңыздағы тәрбиелеу жүйесі?; Тәрбиелеу жүйесі "диктат" болса, әсер еткен факторларды белгілеңіз.; Тәрбиелеу жүйесі "қамқоршы" болса, әсер еткен факторларды белгілеңіз.; Тәрбиелеу жүйесі "араласпау" болса, әсер еткен факторларды белгілеңіз.; Тәрбиелеу жүйесі "ынтымақтастық" болса, әсер еткен факторларды белгілеңіз.; Сіз жаңа сыныпқа бейімделген кезде қолдауды кімнен алдыңыз?; Ата-ана қолдауының оқу процесінде маңыздылығын 10 баллдық шкаламен сипаттаңыз.:Әр қойылған сұраққа бірнеше вариантты жауап кестесі берілді.

Зерттеу барысында біз қатысушыларды 3 топқа бөлдік: оқу үлгерімі жақсы(13), орташа(14) және нашар(14).

Зерттеу нәтижесі бойынша, оқу үлгерімі жақсылардың отбасыға кіретін кіріс мөлшері орташа бағамды 150.000-450.000 теңге арасында қамтыды. Отбасындағы бала саны маңыздылық ойнамады, себебі көрсеткіш бала саны бойынша теңдей болды, ал асыраушы саны бойынша 13 қатысушының 1-інде ғана асыраушысы отанасы болды, қалған 12 студенттер толық отбасынан болды. Барлық 13 студентте аттестаттың орташа баллы 5-ті құрады. Оқу үлгерімі жақсы оқушылардың 38.4%-ы ынтымақтастық, 30.7%-қамқоршылық пен қалған 30.7%-ы араласпау тәрбиелеу жүйелерін таңдаған. Бейімделу бойынша осы топтың студенттері толықтай қолдауды ата-аналарынан алған екен.

Екінші топ, оқу үлгерімі орташа болған студенттер арасындағы сауалнама нәтижесі бойынша, отбасындағы кіріс мөлшері 100.000-150.000, 300.000-350.000 мен 400.000-500.000 арасында болған екен. Асыраушысы тек отанасы болған екі студент қана анықталды, қалғаны толық отбасынан болды. Бұл топтада бала саны көрсеткіші 2,3,4 арасында қатты үлкен айырмашылық көрсетпеді. Аттестаттың орта балы орта-статистикалық оқу үлгерімі орташа студенттерде сәйкесінше 4; 4.5; 4.7. Осы топтың студенттері арасында 21.4%-ы қамқоршылық, 28.5%-ы араласпау, 50%-ы ынтымақтастық тәрбиелеу жүйелерін таңдаған. Студенттер бейімделу барысында қиындық тумағанын, туса да қолдауды ата-анадан бөлек бір студент дотарынан, бір студент педагогтан алғанын жазды.

Үшінші, оқу үлгерімі нашар студенттер арасында отбасыға кіретін табыс мөлшері 600.000-700.000 және 250.000-300.000 арасын қамтыды, тек екі студент қана кірісті 200.000 аясында белгіледі. Бала саны бойынша бір студент қана 1-ге теңеді, қалған студенттер арасында көрсеткіш нақтылық көрсетпеді, 2,3,4 бала саны аясында болды. Барлығы дерлік толық отбасыдан шыққан, аттестаттың орта балы сәйкесінше төрттен төмен көрсеткішті құрады. 71.4%-ы отбасы жүйесінде араласпау 14.2%-ы қамқоршылық 14.2%-ы диктатты таңдады. Жаңа сыныпқа бейімделу кезінде ата-ана қамқорлығынан гөрі, қолдаусыздық сезгендерін сауалнама нәтижесінен байқай аламыз.

Сауалнама қатысушыларының арасында диктат тәрбие жүйесінің факторы: Ата-аналардың іске асырылмаған қажеттіліктері екенін; қамқоршылық факторы: Балаға тым қатты жақындық таныту; араласпау факторы: Ата-аналардың жеке ерекшеліктері; және ынтымақтастық тәрбиелеу жүйесінің факторы: Ата-ананың жетістікке деген қажеттілігі мен Ата-аналардың жеке ерекшеліктері екенін байқай аламыз.

Сауалнама қорытындысы бойынша, оқу процесіндегі үлгерім мен бейімделу сұрағына келгенде балаға отбасыдағы бала саны маңызды емес, отбасыдағы асыраушы саны маңызды, себебі студенттердің арасындағы тек жалғыз асыраушысымен қалғандар оқу үлгерімі орташа топқа жатты.

Оқу үлгерімі жақсы және орташа отбасыларда кіріс мөлшері тұрақты түрде орташа көрсеткішті көрсетті. Ал, оқу үлгерімі төмен топта үлкен контраст болды, яғни екі студент отбасы кірісін төмен деп көрсетсе, қалған студенттердің жартысынан көбі кіріс мөлшерін жоғары етіп бағалаған. Яғни, кіріс төмен не жоғары болғандығы бұл отбасылардағы жұмысбасты ата-аналардың не жақсы, не төмен материалдық жағдайда болып, көп жұмыс істеп, балаларына тиісті уақыт бөле алмай қалғандығы.

Ата-ананың баланың оқу процесіне тигізер әсері осы аспектіде ғана айқын байқалды. Оқу үлгерімі нашар топ студенттері арасында 70%-дан көбінде араласпау тәрбие жүйесі, яғни, ата-ананың баласының сабағына немқұрайлығы өз кезегінде бала үлгеріміне әсерін тигізді.

Оқу үлгерімі орташа топтарда тең жартысы ынтымақтастық тәрбие жүйесін таңдаған, яғни студенттер ата-аналарымен белгілі бір ынтымақтастыққа отырып, өздеріне тиімді приоритеттерді таңдау арқылы, оқу үлгеріміне жоғарғы топ студенттерді секілді аса көп мән бермеген.

Ал, оқу көрсеткіші жоғарыны құрайтын студенттер арасында ынтымақтастық, араласпау, қамқоршылық тәрбие жүйелері теңдей көрсеткішті көрсеткен. Бұл көрсеткіш түрлі жағдайларға байланысты: баланың өз ішкі мотивациясы, сыртқы мотивациясы, тым бөлінген ата-ана тарапынан назар. Келесі зерттеулерде оқу үлгерімі жоғары оқушылардан сауалнама алу барысында осы аспектілерді қамтуға болады.

Қорытындылай келе, зерттеу жүргізе отырып, мен ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы түсінуге, қабылдауға және тануға негізделген, өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейімен, оң көзқарастарымен, әлеуметтік ашықтығымен және т. б. сипатталатын отбасыларда баланың белсенділігін, тәуелсіздігін, бастамашылығын дамытуға бағытталған, тұтастай алғанда баланың оқу іс-әрекетінде үлгерімі үшін қажетті психологиялық жағдайлар жасалады деген қорытындыға келдім. Ал ата-аналық қатынастың деструктивті түрі бар отбасылардағы балалар (қамқоршылық, диктат және араласпау) мектептегі үлгерімінің төмендігімен сипатталады [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
2. М.Жұмабаев. Педагогика. Қызылжар, 1922. - 148 б.
3. Андреева О. Интернет-журнал “Науковедение”. Оренбург, 2014.
4. Щеголева Т. Интернет-форум “Алые паруса” Санкт-Петербург, 2015. Влияние семейных отношений на успеваемость школьника/Образовательная социальная сеть (nsportal.ru)

ӘОЖ 376.1

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Төлеген Мейірім

meiramzko07@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Педагогика және психология» ББ 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Стыбаева А.Ш.